

АЙҚЫН

ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ТҰЛҒАСЫ



Айбатынан ай бұққан арыстан мінезді Қожаберген батыр тұлғасы 1756 – 1767 жылдардағы мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде сипатталған. Оқымысты-тарихшы Бақыт Еженханұлы XVIII ғасырдағы қазақ-цин, қазақ-қалмақ қарым-қатынастарын дендеп зерделеп, мәнжу-қытай тілдерінде жазылған 70 құжаттың

түпнұсқасын толық тиянақты тәржімалаған, ғылыми айналымға қосқан. Бұл орайда қытай тіліндегі құжаттардың қалыптасу тарихына, Цин патшалығымен Жоңғария хандығы арасындағы шайқастар тарихына, патшалық орда шежірешілерінің, яғни 1708 жылы «Патшаның бұйрығымен құрастырылған Патша ағзамның өзі жорықта болған Гоби даласын тыныштандыру ісінің стратегиясы» атты тарихи құжаттар жинағын жасап шыққандығын негіздеп жеткізеді. Бұл – үш дүркін әскери жорықтардың әсерімен хатқа түсірілген 48 бумадан тұратын өлшеусіз деректанулық жәдігер. Тағы да осындай дереккөздер жинағы 1771 жылы құрастырылған екен.

Тарихшы Б.Еженханұлы XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ-қытай қарым-қатынастар тарихын кеңінен толғап-баяндау барысында бағалы тарихи-мәдени һәм саяси жазбалардың деректемелік құндылықтарына жүгініп, тарихи деректану ғылымының шарттарын құбыланама етіп, Қожаберген батырдың кесек іс-қимылдарына, көсемдік, қолбасшылық қызметіне әділ де тарихи баға береді.

Ол Қожаберген батырдың аты 14-құжаттағы «Қожаберген мен Қара Барақ – Абылайдан кейін іс атқаратын мәртебелі адамдар» деген дерегін алға тарта отырып, айбынды ердің ата-тек шежіресі, Абылай ханның «Абақ Керейдің мың отбасы Қожаберген батырдың билігінде» деген мәліметін мәлімдейді. Сондай-ақ «Шыбарайғыр шежіресіндегі» Қожаберген батырдың ұрпақтары жайлы мағлұматтарды өрбітеді.

Дауаци, Әмірсана, Абылай хан арасындағы жайттар, жағдаяттар да тарихи мәліметтер негізінде әңгімеленеді. Мысалы, «1753 жылы қараша айында бұрынғы одақтас Дауаци мен Әмірсана өзара жауласып, Дауаци әскер бастап Әмірсанаға қарсы жорыққа шығады. Абылай Әмірсана одақтығынан 3 мәрте жеңілген Дауаци ақыры Тарбағатай төңірегінен Бұратала (қазіргі ҚХР, ШҰАА, Бұратала) жеріне шегінеді». Осы бір Цин патшалық жазбаларындағы мәліметтің өзінде қаншама сыр бар. Я болмаса, Абылай ханның Қалмақ қолбасшыларымен тізе қосып, 10000 қазақ-қалмақ әскерін ұйымдастырып, Дауациге қарсы ұрыс жасағаны айтылады. Абылай ханның дипломаттығы да, саяси көзқарасы да, шешімпаздығы да айқын көрінеді.

Цин патшалығының қаһарына ұшыраған Әмірсана 1756 жылдың мамырында уақ-керей тайпасының көсемі Қожаберген жұртына жетеді. Ол мұны Абылайға жеткізгенде, мен саған барып Әмірсанамен дидарласармын дейді.

Деректанушы Б.Еженханұлы Әмірсана мен қазақ елі арасындағы байланыстарды барынша әділдік таразысына салып салмақтайды. Мысалы: мына бір құжаттардың дерегіне жүгінейік:

«Абылай: «Әмірсана – өлімнен қашып тораңғыға тығылған бір байғұс торғайдай. Оны ұстап алып, (шүршіт әскерлеріне) тапсыра салу жөнсіз болар» дегенді айтқан» (5-құжат);

«Қожаберген Әмірсанамен бұрыннан бірге өмір сүріп, жақсы қарым-қатынаста болғандықтан, Абылай: «Әмірсана құдды бір тораңғыға тығылмақ болған торғайдай бізді паналап келіп отыр ғой. Оны осылай бере салуға болмайды» деген екен (2-құжат).

Ұлы даланы қорғау – ұлт қаһармандарының ұлы мұраты. Бұған айғақ – 1756 жылы 3 шілдеде Қожаберген мен Әмірсана жасақтары генерал Дардана бастаған шүршіт әскерлерімен Есілде соғысса, Абылай хан, Баянауыл өңірінде цин басқыншыларымен айқасады. Мұның стратегиялық, дипломатиялық мәні ерекше шайқастар деуіміз абзал. Өйткені Цин әскері Сарыарқа жерінен ығысады.

Қожаберген батырдың Арқа жерінен Шығысқа бет бұруы жайындағы тарауда елшілік, мемлекетшілдік, халықтық, тарихи көзқарас тұрғысынан қазақтың көсем қолбасшыларының, баһадүрлерінің айрықша рухқа ие парасатты пайымдаулары мәнжу-қытай мұрағат құжаттарынан алынып, ғылыми айналымға түскен. Нақты айтқанда, Цин патшасы Цяньлунға, Цин армиясының қолбасшыларына тіке айтылған мірдің оғындай сес сөздер. Мәселен: «Сіздер осында қоныстанасыздар ма? Әлде басқа жерге кетесіздер ме?», «Біз, қазақтар, ата жұртымызға қайта оралудамыз, сендер осы өңірден кетіндер!» (Қожаберген батыр мен найман Қара Барақтың (көкжал Барақтың айтқаны). Абылай ханның ұлы тілегін Кенжеқара, Танаш дейтін қазақ елшілері: «Тарбағатай біздің бұрынғы көшіп-қонып жүрген жеріміз еді. Біз сізден өзіңіздің ілтипатыңызды білдіріп, осы жерді бізге беруіңізді сұраймыз». 1755 жылы 17 қыркүйекте мәнжу тіліндегі құжаттан алынған мына бір тарихи айғақ та айрықша: «Төле би қатарлы қазақтың қайраткерлері: «Қазір, міне, сіздер біздің көне жұртымызға келіп отырсыздар... біздің елдегілер жеке-жеке өз жұрттарымызға оралсақ деп тілек білдіруде». Я болмаса, Қабанбай батырдың ұлы Едігенің тұспалдап жеткізгеніндей, Құдай бұйырса жоңғарлықтардың босап қалған байтағына, біз, қазақтар ие боламыз» дегені бар екен.

Оқымысты-тарихшы, деректанушы Бақыт Еженханұлының әділ көрсеткеніндей, дәстүрлі қытай жазбаларында, мәнжу тілді мұрағат мәліметтері де бірыңғай Цин патшалығының төтенше құдіреттілігі мен данагөйлігін, Орта Азиядағы басқыншылық әрекеттерін жоғары асқақтатып таңбалайтыны бар. Бұл ретте қазақ-цин әскери қақтығыстары тарихында, шын мәнінде, Ресей мұрағат деректері бойынша Абылай мен Әмірсана жеңіске жеткен. Бұған қазақтың тарихи жырлары да, «Шүршітқырылған» дейтін жер атаулары да айғақ.

Цин билеушілерінің стратегиялық мәні зор әрі қитұрқы, әрі құпия сайқал саясатын кітап авторы жетік, жан-жақты түсіндіріп отырған. Айталық Цин патшасы Цяньлун қалмақтардың қырғынға ұшырауы қазақ жасақтарының жойқын тегеуірінен екендігін әбден түсінген. Қазақтардың Жетісу мен Тарбағатай өлкелеріне көз тіккеніне онша қарсылық көрсетпеген. Оның түпкі себебі мен мақсаты – жоңғарлықтардың жұрнағын қазақтардың қолымен тұздай құрту еді. Және де қазақтың асылтұқымды жылқыларын сатып алу әрі стратегиялық қуатын арттыру.

Цин билеушілерінің айла-шарғысына құрық бойламайтыны анық. Бұған мысал Қожаберген батыр мен Қара Барақ бастаған алтын балық үйіріндей топты (жиыны – 130-дай) кездесуге шақырған, қонақасы берген, рухани-мұсылманшылық қасиеттері өзгеше Қожаберген батыр дауыстап дұға оқыған. Мұның алдында қытайдың көне дәстүрі негізінде: «Жоғары мәртебелі патша түмен-түмен жыл жасасын. Құт-берекесі асқар тау мен толағай теңіздей мәңгі жалғассын!», – деп лебізін шалқыта жеткізген.

Қожаберген батырдың жорықтарын жазу барысында Ұлы даланың тарихына, территориясына, қазақ елінің тағдыр-талайына, шежірелік деректерге, 1761 жыл

төңірегінде жасалынған «Цяньлун картасындағы» дереккөздерді пайдаланады. Бұл картография техникасын мінсіз меңгерген француз незуит миссионерлерінің қолынан түзілген. Мұны атақты шығыстанушы Г.Ю.Клапрот пайдаланған. Франция Ұлттық кітапханасының қорында сақтаулы. Осы бір айтулы картада «Абылайға қарасты Қазақ бөлігі», «Солтүстік Қазақ» (Сарыарқа даласын меңзеген сияқты), «Торғай», «Нұра өзені», «Қорғалжын көлі», «Балқаш көлі», «Сары Торғай», «Қара Торғай» деген жер-су атауларын барын Б.Еженханұлы атайды. Қазақ хандығы заманында цин-қазақ қарым-қатынасын байыптауды зерделеуде Абылай хан, Әбілпейіз сұлтан, Қабанбай, Қожабергеннің бастамашылдығының арқасында 1758 жылы қазан айында Үрімжіде ашылған жәрмеңкеде тарихи әдебиетте жазылғандай, «Жылқыға – жібек сауда байланысы тарихына да барлау жасайды. Олардың жәрмеңке орны Үліңгір мен Қызылбаскөл болсын деген тілегі қабылданбаған. Солай десек те, Еуразияның апайтөс даласында Ұлы Жібек жолының жаңғырығанын айтпасқа болмайды.

Қазақ халқының сәулет-дәулеті, малы, жаны, даласы, киім кию мәдениеті, шалқыған тұрмысы туралы XVIII ғасырдың II жартысында өмір сүрген мәнжу қаламгері Чуньюань Цишин былай деген:

«Қазақтар... жерлері кең, жан саны мол, малдары көп. Байларының жылқысы мен сиыры он мыңнан есептеледі, қойларына сан жетпейді... Кедей аталғандарының өзі неше жүз сиыр мен жылқы, неше мың қойға ие, киген-ішкендерінен қам жемейді... Киімді көп кесе әсем көрінеді деп есептейді, тіпті шілденің ыстық күндерінің өзінде 8-9 қабат киім киіп алады. Қытайдың фарфорын, шайын, түрлі түсті маталарын және ұсақ алтын бедері бар торқасын ұнатып, қадірлейді. Ал киіп жүрген торғын мен жібектерді айтарлықтай аяп та кимейді...».

Зерттеуші Б.Еженханұлы қазақтың қаһармандық дәуірінің тарихына қатысты мәнжу-қытай тіліндегі 70 хатты тарих тұңғышынан іздеп тауып, мұндағы тарихи деректерді сөйлеткені – тарихи зердемізді тереңдетіп, тарихи әділеттілікті жаңғыртқаны – «Қожаберген батыр» монографиясының басты сипаты.

Қазақ елінің 1760 жылдарда Шығыстағы атажұртына қайтадан оралуы және қазақ – цин шекарасына байланысты қайшылықтар, саяси ойындар мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде дәйектілікпен дәлелденеді. Бұл орайда Цин билеушісінің, ұлықтарының, қолбасшыларының қисынсыз пікірлерін келтірген:

1. «Қазір қазақтар түгелдей бізге бағынды» (Цин патшасы Цяньлунның бұйрығынан. 1759 жыл, 9 қазан).
2. «Бұрынғы жоңғарлардың иелігінде болған әскерлердің барлығы Цин патшалығына тән болуға тиісті, өйткені Жоңғар мемлекетін құлатқан Цин патшалығы» (Цин патшасы Цяньлунның шайтан сөзі).
3. «Балқаштың шығысы мен оңтүстігіндегі жерлер қалмақтардың иелігінде болған, ал қалмақтарды ол жерлерден біз қуып жібергенбіз» (Цин патшалығы тарапынан айтылған).

Осындай қиғаш та оғаш пікірлерге қарамастан, 1758 жылдың 27 қаңтарында мәнжу тілінде жазылып, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталған мынадай шынайы

деректі Б.Еженханұлы келтірген. Ол – «Қазақ елінің шығыс жақ шекарасы Балқаш көлінің шығысындағы жерге жетеді» дейтін әрі түйінді, әрі затты сөз.

Зерттеуде Қожаберген елі мекендеген (1760-1763) өлкенің жер-су атаулары бойынша (мысалы, Темір-Шорға, Қара Емін) нақтылайды. Сонымен қатар құбылмалы саясат ұстанған Цин төрелерінің Қожаберген батырды тұзаққа түсіруі, сөйтіп қазақ қауымының зәре-құтын қашыруы, қазақ малшыларының жылқылары мен мүліктерін тәркілеуі, керек десеңіз, Абылайды тұтқындағысы келгендері әңгімеленеді.

Қазақ-цин шекарасы мәселесін түбірлеп тексергенде, Б.Еженханұлы 1761 жылы Абылай ханның Цин патшасы Цяньлунге: «Елімнің қоныстары: шығысы Чорго жеріне, оңтүстігі Шарабелге, ортасы Лепсіге жетіп тұр; Ұлы Ежен менің келешек ұрпағымның, менің балаларымның қолында сақталатын қызыл таңба басылған хат жолдап берген» дейтін тұжырымды хатын жолдаған.

Жетпісінші құжатқа ден қойсақ, Шығыстағы шекара жайын біртұтас қазақ халқының ортақ мүддесі екендігін бажайлап пайымдаған, сонау Еділ-Жайық, бойынан ат терлетіп Кіші жүз елшілері Ералы, Айшуақ сұлтандар Шәуешек шаһарына келгендігі баяндалған.

Деректанушы Б.Еженханұлының «Қожаберген батыр» еңбегі – ұлттық тарихымызды жаңаша көзқарас, жаңаша таным тұрғысынан толғаған кесек, іргелі зерттеу. Мәнжу-қытай тілдеріндегі 70 құжат толыққанды ғылыми қолданысқа түскен. Мұнда қазақ тарихындағы «Хан бар еді бір кезде, Ақ сұңқарға ұқсаған, Билер жүйрік бар еді, Қас тұлпарға ұқсаған, Батырларым бар еді, Ақ семсерге ұқсаған» деп ұлт қайраткері Ғұмар Қараш сипаттағандай, «ақылын алпыс жаққа шаптырып, ақылының әр біріне кірмес ойлар таптырып», батырлық-ерлік істерімен, ересен дипломатиялық шеберлігімен, көрегендік, көсемдік, елдік қасиеттерімен Алты Алаштың, Ер Қазақтың кемел келешегі үшін арпалысқан хан-сұлтандар, қолбасшылар, елшілер тұлғасы айқын көрсетілген. Сондай-ақ тарихи-географиялық, топографиялық атауларға, этнонимдер этимологиясына ғылыми сипаттамалар мен салыстырулар жасалынған.

Серік НЕГИМОВ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор